



Тақырыбы: Өсімдіктердің көптүрлілігі

Пәні: Дүниетану

3- сынып

2015-2016 оқу жылы

Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың өсімдік туралы білімдерін дамыту, өсімдік топтарын ағаш, бұта, шөптөкті өсімдіктер ұғымын толықтыру. Алуан түрлі өсімдіктерді білу. Оқушының ойлау қабілетін ұштау, арқылы табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Сыни тұрғыдан ойлауға баулу.



Көрнекілігі: Гербарий, әр түрлі өсімдіктер суреті,

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, топпен жұмыс, топтастыру, СТО технология әдістері.


Пәнаралық байланыс: Әдебиеттік оқу, математика, бейнелеу





Психологиялық дайындық.

**Қайырлы күн – табиғат
Жайқалып өссін – өсімдік
Жайнай берсін – орманымыз
Биік болсын – тауларымыз
Сәтті болсын – сабағымыз**



I-топ - Топырақ

II-топ - Ағаштар

III-топ - Бұталар

IV-топ – Шөптектес өсімдіктер

I. Үй тапсырмасын тексеру.

I-топ. Топырақ

Топырақтың құрамы неден тұрады?

II-топ. Ағаштар

Топырақ құнарлы болу үшін не істейді?

III – топ. Бұталар

Топырақ түсінің қалыптасуы неге байланысты?

IV – топ. Шөптектес өсімдіктер

Топырақты қалай қорғар едің?



I-топ. Топырақтың құрамы неден тұрады?

- ***I-топ.***
- ***Топырақтың құрамына ауа, су,
шірінді, құм, саз енеді.***
- ***Топырақ- өсімдіктер үшін
қоректің көзі, жануарлар үшін
баспана.***



II-топ.

Топырақ құнарлы болу үшін не істейді?

- *Өсімдік тамыры арқылы қоректік заттарды бойына сіңіреді.*
- *Күн көзінің жылуы мен ауадағы көмір – қышқыл газын сіңіріп өсіп жетіледі.*
- *Жануарлардың денесінде қорытылып шыққан заттармен құстар, түрлі жәндіктер қоректенеді немесе олар шіріндіге айналады.*
- *Сонымен топырақтың беткі қабаты өсімдіктер мен жәндіктердің қалдығынан құнарлы топыраққа айналады.*



III-топ.

Топырақ түсінің қалыптасуы неге байланысты?

- *Құрамындағы қарашіріктің мөлшеріне байланысты топырақтың түсі де түрліше болады.*
- *Қарашірік көп болса, топырақтың түсі қоңыр болады.*
- *Оңтүстікте топырақтың түсі бозғылт болады. Себебі селдір өсімдіктен қарашірік те аз қалады.*
- *Қар сияқты болып тұратын жер ол – сор. Ол жер тұзды жер. Сор топырақта өсімдік өте сирек өседі.*

IV-топ.

Топырақты қалай қорғар едің?

- Орман, тоғайларды шабуға болмайды.*
- Жақсы өнім алу үшін топырақты тыңайту қажет.*



II. Қызығушылықты ояту.

«Өсімдік» тақырыбына бес жолды өлең құрау

1. Өсімдік

2. Әдемі, әсем

3. Өседі, қуантады, қоректенеді

4. Өсімдік – адамға тіршілік береді.

5. Гүл немесе ағаш т.б.

- **Электронды оқулықпен жұмыс**

III. Мағынаны тану.

Оқулықпен жұмыс

- I – топ.*
- Өсімдік барлық жерде өседі. Олардың түрінің көптігі сондай, санап тауыса алмайсың. Біздің елімізде өсімдіктің алты мыңнан астам түрі бар. Олар түрлі жағдайда: ыстық шөлде, тау беткейінде, ылғалды жерде және суда өседі.*





СҰРАҚ ПАРАҚТАРЫ:

1. Өсімдіктер қай жерлерде өседі?

2. Елімізде өсімдіктердің неше түрі бар?

II – топ.

- Өсімдіктердің бір-бірінен тұқымы, сабағы, гүлі, жемісі жағынан айырмашылығы болады. Ағаштың көптеген түрі бар. Қазақстанда емен, терек, үйеңкі, қайың, көктерек, шетен, қарағаш және басқалары өседі. Орманда, тауда, жыраларда итмұрын, шырғанақ, бөртегүл, таңқурай, қарақат сияқты бұталар өседі. Бұтаның ағаштан айырмасы – діңі біреу ғана емес, тамырынан бірнешеуі тарамдалып шығады. Бастапқыда бұта кішкене ағашқа ұқсайды. Ал үшінші жылы түбінен жаңа діңшелер өсіп шығады да, үлкен жайылған бұта құрайды.*



СҰРАҚ ПАРАҚТАРЫ:

1. Елімізде қандай ағаш түрлері бар?

2. Қандай бұтақтар бар?

III – топ.

- *Шөптектес өсімдіктердің биіктігі әртүрлі болып келеді. Кейбір шөптің биіктігі қолайлы жағдайда өссе, 2 метрден асады. Шөп сабағы түрліше – тік, оралған, жерге төселген болып келеді. Бидайық арамшөбі бақта, алаңқайда, орман шетінде, шалғында, далада өседі. Оның топырақ астындағы тамыры ұзын, тармақты, әр бүршігінен жаңа өскін шығады.*



**СҰРАҚ
ПАРАҚТАРЫ:**

- 1. Шөптектес өсімдіктердің биіктігі қандай болады?*
- 2. Бидайық өсімдігі қайда өседі?*

IV – топ.

- *Өсімдіктер құрлықта ғана емес, суда да өседі. Өзен, көл, теңіз, мұхитта балдыр тіршілік етеді. Олардың көлемдері және формалары әртүрлі болады. Балдырмен су жануарлары қоректенеді. Балдыр суға толық батып тұрады, сондықтан суды қанша қажет болса, сонша бойына тартады. Судың түбіне бекіну үшін төменгі жағында бірнеше жіпше болады. Кейбір балдырдың жіпшесі болмайды. Олар суда жүзіп жүреді.*



**СҰРАҚ
ПАРАҚТАРЫ:**

- 1. Өсімдіктер құрлықтан басқа қай жерлерде өседі?*
- 2. Балдырмен нелер қоректенеді?*

Дәптермен жұмыс



- Бір өсімдіктің суретін салу*



- Сергіту сәті*







Сен білесің бе?

- Шырша 500жыл, 30-35м*
- Емен 2000 жыл, 40м*
- Қарағай 350жыл, 36м*
- Балқарағай 850жыл,*
- Қайың 150жыл, 20м*
- Шегірін 400 жыл, 40м*
- Шетен ағашы 80жыл,*
- Көктерек 100жыл. Жөке 35м*

III. Ой қозғау. Пікірталас

- *1. Өсімдіктердің көптүрлі болып өсу себептері неде?*
- 2. Адамдар өсімдік әлемін сақтап қалу үшін қандай шаралар қолданады?*
- 3. Өсімдіктерден адамдарға қандай зиян келеді?*
- *4. Өсімдіктердің табиғаттағы маңызы қандай?*

- 
- 
- Өсімдіктердің көптүрлілігі алуан түрлі ортада, әр түрлі жағдайларда тіршілік етуге бейімделуіне байланысты.
 - Адамдар өсімдік әлемін сақтап қалу үшін жасыл желектерді отырғызып, орман шаруашылығына бақылауды күшейтіп, осы салаға жауапты мамандарды дайындайды, құрып кету қауіпі төнген өсімдіктерді Қызыл кітапқа енгізеді.
 - Өсімдіктерден адамдарға зиян келетін себептері: орман өрті, улы өсімдіктерді абайсыз пайдалану, арам шөптің шамадан тыс көбеюіне байланысты ауруға шалдығу.
- Ауаны ылғалдандырады, желден қорғайды.
Ыстықты қайтарып, суықты бәсеңдетеді. Қарды тоқтатады.
- 
- 

Үйге тапсырма



I топ: «Ауылды жасыл желекке бөлейік»
(болашақтағы ауыл бейнесін елестету)

II топ: «Табиғат пен адам егіз»
(табиғатты қорғауға тілек жазу)

III-топ. Өсімдіктер туралы мақал жазу

IV–топ. Өсімдіктер туралы жұмбақ жазу



*Назарларыңызға
рахмет*

